

Ел мүддесімен ұштасқан Жолдау

Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялады

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның елімізге алып келген зардабы мен өзгерістерін айта келіп, еліміздің әлеуметтік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарының сақталуын, халқымыздың денсаулығы мен өмірін сақтау жолындағы жұмыстарға басты назар аудару керектігін қадап айтты.

Біз ауыл тұрғындары болғандықтан, бізді бір серпілткені Президентіміз Қазақстанның даму кезеңінде ауыл шаруашылығы

өндірісін қарқынды дамытуды Үкіметке тапсырды. Сонымен қатар келесі жылдан бастап ауыл шаруашылығы меншігіндегі жерлер толықтай өз құзырымызда қалып, шетелдіктерге сатылмайтындығын жеткізді.

Тағы да біздерді қуантқан жақсы жаңалық, мәдениет қызметкерлері, мұрағат саласы, кітапханашылардың жалақысы 2025 жылға дейін жылына 20 пайызға өсетін болады.

Еліміздің дамуы мен жаңаруы жолында бар күш-жігерімізді сала отырып еңбек ету - біздің басты парызымыз деп санаймын.

Б.К. Ахтямова
Кітапхана ісінің үздігі
Кертінді ауылы